

Дарагди
Дон

"Болашақ" бөбекжайы "ЖБҚ МКҚК

"Мен зерттеушімін" байқауы

Өткізген: Шандиева Г

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты:

Педагогтардың зерттеушілік қабілетін дамыту, шығармашылық ойлауын көрсету және тәжірибе арқылы білім алуға қызығушылық арттыру.

Қайырлы күн, құрметті әріптестер, кішкентай бүлдіршіндер. Бүгінгі “Мен зерттеушімін” атты байқауға қош келдіңіздер. Зерттеу – бұл жаңа нәрсені білу, тәжірибе жасау, сұрақ қойып, жауап табу. Бүгін біздің педагогтар өздерінің шығармашылығын, білімін және зерттеушілік қабілетін көрсетеді.

1-кезең “Таныстыру”

Ендеше қатысушылармен таныс болыңыздар.

1. Ауезова Айгерім, Сайлаубай Дінмұхаммед
2. Джубанова Жазира, Қамбар Ділдә
3. Айжанақ Надирабегім, Бисенби Алау
4. Абенова Гулзира, Жақсылық Бегім
5. Кабдолова Асылзада, Болат Мустафа
6. Өтесінова Шолпан, Саламатқызы Нурикамал
7. Шораханова Жансұлу, Ислам Абдурахман

2-кезең “Ғылыми сұрақтар”

Жүргізуші қатысушыларға сұрақтар қояды.

1. Неге күн өте ыстық? ☀

Жауап: Күн – үлкен, ыстық газдан тұратын жұлдыз.

2. Неге көлеңке ұзарып немесе қысқарады?

Жауап: Күннің орны өзгергенде.

3. Неге шарды шашқа үйкегенде жабысады?

Жауап: Электр күші пайда болады.

4. Неге мұз суда жүзеді?

Жауап: Мұз судан жеңіл.

5. Неге теңіз суы тұзды?

Жауап: Жердегі минералдар суға араласқандықтан.

6. Неге бұлттар аспанда жүреді?

Жауап: Жел оларды қозғалтады.

7. Неге кей заттар суда жүзеді?

Жауап: Олар жеңіл болғандықтан.

Неге кей заттар батады?

Жауап: Олар ауыр болғандықтан.

3-кезең “Тәжірибе көрсету”

Қатысушылар өздері дайындап келген ғылыми тәжірибелерін көрсетеді.

Қорытынды бөлім

Қазылар алқасы қатысушыларды бағалайды

Жеңімпаздарды марапаттау.

Құрметті әріптестер!

Бүгін біз ғылымның қызықты әрі маңызды екенін тағы бір рет көрдік.

Барлық қатысушыларға алғыс айтамыз!

Зерттеу мен білімге деген қызығушылық әрқашан арта берсін!